

## РУХАНИ ҚАУІПСІЗДІК ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ЯСАУИ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ АДАМ ТӘРБИЕСІ КОНЦЕПЦИЯСЫ

<sup>1</sup>Б.К.Ботакараев, <sup>1</sup>С.Моллақанағатұлы,  
<sup>2</sup>С.Т.Шылмамбетов, <sup>2</sup>Н.А.Қыпшақбаев

### АНДАТПА

Зерттеуімізде рухани қауіпсіздік феномені мен Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы адам тәрбиесі концепциясының өзара байланысы талданады. Зерттеу мақсаты – Ясауи ілімінің адам рухын кемелдендіруге бағытталған қағидаларының қазіргі қоғамдағы рухани қауіптер мен радикалдық идеологиялардың таралуына қарсы тұрудағы әлеуетін айқындау. Мақалада «рухани қауіпсіздік» ұғымының философиялық мазмұны, оның аксеологиялық және антропологиялық қырлары қарастырылады. Сондай-ақ Ясауи дүниетанымындағы адам тәрбиесі, нәпсімен күрес, моральдық жауапкершілік және рухани кемелдік идеялары қазіргі заман контекстінде талданып, олардың жастардың рухани иммунитетін қалыптастырудағы рөлі сипатталады. Ясауи іліміндегі рухани тәрбие қағидалары қоғамдағы құндылықтар жүйесін тұрақтандырудың және адамгершілік сана-сезімді жандандырудың пәрменді тетігі ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде Ясауи ілімінің рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі философиялық және этикалық негіздері айқындалып, бұл ілімнің қазіргі қоғам үшін маңыздылығы талданады. Сонымен қатар мақалада Ясауи ілімінің ұлттық бірегейлікті сақтау мен рухани жаңғыру үдерістеріндегі орны айқындалады. Бұл зерттеу нәтижелері дерадикализация мен рухани тәрбие саласындағы практикалық бағдарламаларға ғылыми негіз бола алады. Ясауи дүниетанымының құндылықтық әлеуеті қазіргі заманның рухани дағдарыстарын еңсерудің тұжырымдамалық үлгісін ұсынады. Зерттеу қорытындылары рухани қауіпсіздік стратегияларын қалыптастыруда дәстүрлі сопылық ілімдердің маңызын арттыра түседі.

**Түйін сөздер:** Қожа Ахмет Ясауи, рухани қауіпсіздік, адам тәрбиесі, дүниетаным, радикалдық идеология

<sup>1</sup> «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» Ясауитану ғылыми орталығы, Түркістан, Қазақстан

<sup>2</sup> А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

*Автор-корреспондент:*  
Шылмамбетов С.,  
sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz

*Сілтеме:* Ботакараев Б.К., Моллақанағатұлы С., Шылмамбетов С.Т., Қыпшақбаев Н.А. Рухани қауіпсіздік феномені және Ясауи дүниетанымындағы адам тәрбиесі концепциясы // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. № 1 (107). – Б. 52-60.

### Феномен духовной безопасности и концепция человеческого образования в мировоззрении Ясави

**Аннотация.** В данном исследовании анализируется взаимосвязь феномена духовной безопасности и концепции воспитания человека в мировоззрении Ходжи Ахмеда Ясави. Цель исследования – определить потенциал учения Ясави в противодействии современным духовным угрозам и распространению радикальных идеологий посредством его принципов, направленных на совершенствование человеческого духа. В статье рассматривается философское содержание понятия «духовная безопасность», его аксиологические и антропологические аспекты. Кроме того, идеи воспитания человека, борьбы с нафсом, моральной ответственности и духовного совершенства в мировоззрении Ясави анализируются в контексте современности, раскрывая их роль в формировании духовного иммунитета молодежи. Принципы духовного воспитания в учении Ясави считаются действенным механизмом стабилизации системы ценностей в обществе и возрождения нравственного сознания. В результате исследования выявлены философские и этические основы обеспечения духовной безопасности в учении Ясави, а также проанализировано его значение для современного общества. В статье также определяется место учения Ясави в процессах сохранения национальной идентичности и духовного обновления. Результаты данного исследования могут служить научной основой для практических программ в области дерадикализации и духовного образования. Ценностный потенциал мировоззрения Ясави предлагает концептуальную модель преодоления духовных кризисов современности. Результаты исследования повышают значимость традиционных суфийских учений в формировании стратегий духовной безопасности.

**Ключевые слова:** Ходжа Ахмед Ясави, духовная безопасность, воспитание человека, мировоззрение, радикальная идеология

## The Phenomenon of Spiritual Security and the Concept of Human Education in the Worldview of Yassawi

**Abstract.** This study analyzes the relationship between the phenomenon of spiritual security and the concept of human development in the worldview of Khoja Akhmet Yassawi. The purpose of the study is to determine the potential of Yassawi's teachings to counter modern spiritual threats and the spread of radical ideologies through its principles aimed at perfecting the human spirit. The article examines the philosophical content of the concept of "spiritual security," its axiological and anthropological aspects. Furthermore, the ideas of human development, combating the naifs, moral responsibility, and spiritual perfection in Yassawi's worldview are analyzed in a contemporary context, revealing their role in shaping the spiritual immunity of young people. The principles of spiritual education in Yassawi teachings are considered an effective mechanism for stabilizing the value system in society and revitalizing moral consciousness. The study revealed the philosophical and ethical foundations of spiritual security in Yassawi's teachings and analyzed its significance for modern society. The article also identifies the place of Yassawi's teachings in the processes of preserving national identity and spiritual renewal. The results of this study can serve as a scientific basis for practical programs in the fields of deradicalization and spiritual education. The value-based potential of Yassawi's worldview offers a conceptual model for overcoming modern spiritual crises. The results of the study will enhance the importance of traditional Sufi teachings in shaping spiritual security strategies.

**Key words:** Khoja Akhmet Yassawi, Spiritual Security, Human Education, Worldview, Radical Ideology.

### *Kіpіcne*

Қазіргі жаһандану жағдайында рухани қауіпсіздік мәселесі адамзат қоғамының ең өзекті тақырыптарының біріне айналды. Әлемдік өркениеттер арасындағы өзара ықпалдастық, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі мен цифрлық мәдениеттің дамуы адамның дүниетанымдық бағдарларына тікелей әсер етіп отыр. Осындай жағдайда дәстүрлі құндылықтардың әлсіреуі мен радикалды идеялардың таралуы қоғамның рухани тұрақтылығына елеулі қауіп төндіруде. Сондықтан рухани қауіпсіздікті сақтау тек қана діни немесе моральдық мәселе емес, сонымен қатар ұлттық сана мен мәдени тұтастықты қорғаудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Қожа Ахмет Ясауи ілімі – түркі-мұсылман қркениетінің рухани өзегін құрайтын ілімдердің бірі. Оның дүниетанымы адам болмысының мәнін, рухани кемелдену жолын және адам мен Жаратушы арасындағы қатынастың терең философиялық қырларын ашып көрсетеді. Ясауи адамның ішкі жан дүниесін тазартып, нәпсіден арылу арқылы шынайы рухани еркіндікке жетуді мақсат етеді. Бұл ілімдегі адам тәрбиесі концепциясы сопылық дәстүрдің шеңберімен қоса жалпы адамзаттық рухани мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде де қарастырылуы тиіс. Қазіргі қоғамда радикалдық және деструктивтілік идеологиялардың таралуы, әсіресе жастар арасында рухани бағдардың әлсіреуі, адамның ішкі әлемін тұрақсыздыққа ұшыратуда Мұндай жағдайда Ясауи ілімінің

адам тәрбиесіне қатысты қағидаларын қайта зерделеу – ұлттық және діни бірегейлікті сақтаудың, сонымен бірге рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді жолдарының бірі болып есептеледі. Осы тұрғыдан алғанда, Ахмет Ясауи мұрасының қазіргі қоғамдағы рөлі тарихи немесе теологиялық, сондай-ақ әлеуметтік-философиялық мағынада да ерекше мәнге ие. Бұл зерттеу Ясауи дүниетанымындағы адам тәрбиесі концепциясын рухани қауіпсіздік феноменімен сабақтастыра талдап, оның заманауи рухани және мәдени кеңістіктегі маңызын айқындауға бағытталған.

### *Әдіснама*

Зерттеу барысында рухани қауіпсіздік феномені мен Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы адам тәрбиесі концепциясын талдауда жүйелілік, салыстырмалы және герменевтикалық әдістер қолданылды. Жүйелілік әдіс Ясауи ілімінің тұтастығын, оның рухани, этикалық және антропологиялық аспектілерінің өзара байланысын анықтауға мүмкіндік берді. Герменевтикалық тәсіл арқылы Ясауи еңбектеріндегі адам рухын тәрбиеулеуге бағытталған ұғымдар мен символдардың мәні ашылды. Сонымен қатар, аксиологиялық талдау рухани құндылықтардың тұлға мен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлін айқындауға бағытталды. Салыстырмалы талдау қазіргі замандағы рухани қауіптер мен Ясауи іліміндегі рухани иммунитет қағидалары арасындағы өзара байланыстарды көрсетуге мүмкіндік берді.

## **Негізгі бөлім**

### **«Рухани қауіпсіздік» ұғымының философиялық мазмұны**

Рухани қауіпсіздік – қоғамның тұрақтылығы мен үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік жүйенің негізгі құрамдас бөлігі. Ол қоғамның моральдық, мәдени және идеологиялық тұтастығын сақтауға бағытталған. Қазіргі Қазақстан қоғамының даму кезеңі саяси, экономикалық, идеологиялық және әлеуметтік салалардағы кешенді дағдарыспен сипатталады [1, 310 б.]. Ұзақ уақыт бойы қоғам өмірінде «руханият» ұғымы саясаттану мен әлеуметтану салаларында елеусіз қалып, қоғамдық санада екінші дәрежелі мәселе ретінде қарастырылып келді. Алайда, рухани-мәдени дағдарыстың күшеюі бұл бағытқа деген ғылыми және қоғамдық қызығушылықты арттырды. Бұл үдеріс жастар арасындағы патриоттық сезімнің әлсіреуімен, девиантты мінез-құлықтың артуымен, ажырасудың көбеюімен, тарихи жадының ұмытылуымен, суицид пен әлеуметтік бейберекеттік деңгейінің өсуімен және халықтың білім беру мен зияткерлік әлеуетінің төмендеуімен байланысты. Мұндай құбылыстар қоғамның рухани тұрақтылығына елеулі қауіп төндіреді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің жолдауларында рухани қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударады. Ол «ұлттың қауіпсіздігі тек шекараны қорғаумен шектелмейді, ең алдымен, қоғамның рухани иммунитетін күшейтумен айқындалады» деп атап өткен болатын. Президенттің пікірінше, жастардың дүниетанымын қалыптастыруда ұлттық мәдениет пен дәстүрдің, сонымен қатар білім мен ғылымның рөлі айрықша. Демек, рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету – тек мәдениет саласының емес, мемлекеттің стратегиялық тұрақтылығын айқындайтын маңызды бағыттардың бірі. Қоғамдық санада дәстүрлі мәдениетке тән адамгершілік нормалар мен рухани құндылықтар әлсіреп, олардың орнын прагматизм мен жеке мүдде басып келе жатқаны байқалады [1, 16 б.]. Сондықтан қазіргі жағдайда рухани қауіпсіздікті нығайту ұлттық идеологияның өзекті міндетіне айналып отыр.

Рухани қауіпсіздік концепциясы қазіргі таңда толыққанды қалыптасқан және бірізді ғылыми негізін тапқан ұғым емес. Ол әлі де теориялық тұрғыдан пысықталып, мазмұндық тұрғыдан айқындалу үстінде. Ұзақ уақыт бойы бұл категория қоғамтану ғылымында елеусіз болып келгенімен, соңғы жылдары саясаттанушылар мен әлеуметтанушылар арасында өзекті зерттеу нысанына айналды. Зерттеуші С.Н.Меликовскаяның пікірінше, «ұлттың рухани қауіпсіздігі мәселесі – бұл ең алдымен мемлекетіміздің өмір сүруінің өзекті сұрағы, яғни ол бола ма, жоқ па деген мәселе. Рухани қауіпсіздіктің басты мақсаты – қоғамның рухани-адамгершілік, этикалық, идеологиялық және мәдени негіздерін қорғау» болып табылады. Демек, рухани қауіпсіздік ұғымы тікелей ұлттың мәдениеті, тарихи жады және дүниетанымдық жүйесімен байланысты, сондықтан оны кешенді түрде зерттеу мен түсіну қажеттілігі туындайды. Аталған ұғым ғылыми айналымға тек экономикалық немесе өндірістік көрсеткіштермен шектелмей, қоғамның ұлттық, мәдени және әлеуметтік құрылымын сақтау мен дамыту үдерістерін реттеу мақсатында енгізілді. П.Н.Беспаленко рухани қауіпсіздікке былайша анықтама береді: «Рухани қауіпсіздік – бұл қоғамның рухани-адамгершілік және идеологиялық өміршеңдігін, негізгі мақсаттар мен құндылықтардың әлеуетін, жеке және қоғамдық мүдделердің тепе-теңдігін, саяси институттар мен мәдениеттің функционалдық үйлесімділігін сипаттайтын сапалық көрсеткіш». Сондықтан рухани қауіпсіздіктің деңгейі, ең алдымен, қоғамның рухани өмірінің жағдайымен, ұлттық моральдық және этикалық құндылықтарымен, мәдени даму дәрежесімен айқындалады [3, 218 б.].

Рухани құндылық құбылысының руханият пен рухани құндылықтар саласын қамтитынына қарамастан, көбіне саясиленуға бейім екенін атап өткен жөн. Өйткені кез келген қауіпсіздік феномені тарихи тұрғыдан алғанда мемлекеттің қызметі мен оның институттарының қалыптасуының негізгі индукциялық тетігі болып табылады. Бұл тұрғыдан қарастырғанда мақаламыздың екі негізгі әдіснамалық ракурсын айқындауға болады: 1. Рухани қауіпсіздікті дәстүрлі мәдениетті

сақтау мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудің нәтижесі ретінде түсіндіру. 2. Рухани қауіпсіздікті қоғамның сапалық сипаттамасы ретінде қарастыру [4, 13 б.]. Рухани қауіпсіздіктің саясиленуі сонымен қатар ұлттық идеяны іздеу үдерісімен де байланысты. Бұл ізденіс рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етумен және құндылықтық трансформациялар тәуекелін барынша азайту қажеттілігімен ұштасады.

### **Рухани қауіпсіздіктің аксеологиялық және антропологиялық қырлары**

Қазіргі таңда рухани қауіпсіздік ұғымына жүгіну өткен ғасырдың 1990-2000 жылдарындағыдай жиі кездеспейді. Бұған объективті себептер бар. Сол кезеңдер тек әлеуметтік-саяси жүйенің «қайта құрылу» уақыты ғана емес, сонымен қатар мәдени-өркениеттік дағдарыс кезеңі болғандықтан, қауіпсіздік мәселесі айрықша өзектілікке ие болды. Бұл жағдай ғылым мен сараптамалық қауымдастықтың кең назарын аудартып, көптеген зерттеулер мен жарияланымдардың пайда болуына түрткі болды. Мысалы, С.Ю.Рыбаковтың 2011 жылғы жарық көрген «Ресей білім беру жүйесіндегі рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері» атты еңбегінде қоғамның әлеуметтік денсаулығына төнген қауіптерге қатысты алаңдатарлық статистикалық деректер келтіріледі. Рухани қауіпсіздікке төнген негізгі қатерлердің қатарында деструктивті бағыттағы дәстүрлі емес діни ұйымдардың көбеюі де атап өтіледі [5, 5 б.]. Мұндай ұйымдар көп жағдайда дәстүрлі әлеуметтік институттарды бұзып, мәдени құндылықтарды деформациялап, өз жақтастарының санасында радикалды және мәмлекетті мойындамайтын көзқарастарды қалыптастырады, бұл өз кезегінде террорлық әрекеттерге немесе адамның өз өміріне қауіп төндіретін жағдайларға алып келеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында бұл бағыттағы қауіптер нақты айқындалған: ұлтшылдық және діни экстремистік идеологияны пайдаланатын радикалды қоғамдық ұйымдар мен топтардың, шетелдік және халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың қаржылық және экономикалық құрылымдардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың

еліміздің бірлігі мен аумақтық тұтастығына қол сұғуға, елдің ішкі саяси және әлеуметтік тұрақтылығын бұзуға бағытталған қызметі негізгі қауіп-қатерлердің бірі ретінде аталған [6]. Рухани қауіпсіздік мазмұнына қатысты кеңірек түсіндірмелер де бар. Мысалы, А.В. Тонкноговтың диссертациялық зерттеуінде: «Рухани қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің бір түрі ретінде қарастырылады және қазіргі қоғамның рухани саласының қорғалу деңгейін білдіреді. Ол мәдени, идеологиялық, ақпараттық-психологиялық, ғылыми, білім беру және діни қауіпсіздікті қамтиды» деп көрсетіледі [7, 13 б.].

Рухани қауіпсіздік феномені – қоғамның мәдени, моральдық және дүниетанымдық тұтастығын қамтамасыз ететін күрделі құбылыс. Ол адам мен қоғамның рухани өмірінің негізін құрайтын құндылықтар жүйесінің тұрақтылығы мен сабақтастығын сақтауға бағытталған [8]. Рухани қауіпсіздіктің аксеологиялық аспектісі ең алдымен құндылықтар иерархиясын, яғни ұлттық, мәдени және діни құндылықтардың қоғам өміріндегі орны мен маңызын айқындауға бағытталады. Бұл тұрғыдан алғанда рухани қауіпсіздік – ұлттық мәдени кодтың сақталуы мен қоғам мүшелерінің құндылықтық бағдарларын тұрақтандырудың кепілі [9]. Аксеологиялық тұрғыдан рухани қауіпсіздік адамның рухани иммунитетін қалыптастырып, жаһандану дәуірінде сырттан енген жат идеологиялық және мәдени ықпалдарға қарсы тұру қабілетін арттырады [10, 58 б.]. Құндылықтық тұрақтылықтың әлсіреуі – әлеуметтік дезинтеграция мен моральдық дағдарыстың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Сондықтан да рухани қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясаты қоғамдағы дәстүрлі мәдени және діни құндылықтардың сабақтастығын сақтауға бағытталуы тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та, өз сөздерінде ұлттық рух пен дәстүрге негізделген құндылықтық тұрақтылықты мемлекеттің идеологиялық тірегінің бірі ретінде атап өткен болатын [11].

Антропологиялық тұрғыдан алғанда, рухани қауіпсіздік адамның рухани болмысы мен оның өзін-өзі тану процесімен тығыз байланысты. Бұл бағытта адамның ішкі әлемін, ар-ождан, иман және ерік ұғымдарын талдау маңызды. Яғни рухани қауіпсіздік – жеке

тұлғаның өз мәнін, моральдық және рухани бағдарларын тану арқылы қоғамдағы үйлесімді өмірге бейімделуінің шарты [12, 43 б.].

**Ясауи іліміндегі адам тәрбиесі мен нәпсі тәрбиесінің рухани қауіпсіздік контекстіндегі мәні**

Тұлға тәрбиесі – ол тек жеке адамның этикалық және рухани өсуімен қатар қоғамның ішкі үйлесімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды механизм. Қожа Ахмет Ясауи ілімі осы тұрғыдан ерекше орын алады: оның хикметтері мен педагогикалық ойлары жеке-жеке адамның нәпсі мен рухани кемелдікке жету идеясын қоғамның рухани қауіпсіздігін нығайту тұрғысынан қарастырады [13, 124 б.]. Ясауи ілімінің адам тәрбиесіне қатысты тұжырымдамасы адамды «кемел жан» (сопылық терминологияда «инсан камилді») қалыптастыруға бағытталған. Ол нәпсінің еркімен түскен құндылықтардан арылып, жүрек пен тәннің бірігуі арқылы Алланың құзырында ізгілікке жетуді көздейді. Ясауи хикметтерінде: «Егер нәпсі бақша қылынбаса, сүйген жүрек үнсіз қалады: мұның орны бос қалады» [14, 14 б.] делінген. Осы тұрғыдан қарағанда, тұлғаның ішкі «өмірге» бағытталған тәрбиесі – ол құлшылық, зікір, нәпсінің тәрбиесі мен тәннің бақылауы арқылы жүзеге асады [15, 121 б.]. А.Ясауи 2-хикметінде:

«Нышан қалмай бұрынғы «лә-лә» (жоқ-жоқ) едім,

Мухлис (ықылас қойып) болып, халис (шы-айы) боп Алла дедім.

Таңғы зікір салдым да нұрға ендім,  
«Фәнәфиллә» мақамын аштым әман.

Сүннет екен, кәпірге де берме азар,  
Қатыгезден Құдай безер, сен де тазар.

Ондай құлға Алладан Сижжин таяр,

Данадан естіп сөзді айттым әман» [22, 11 б.], – деп, рухани тазару мен Аллаға берілудің, яғни фәнәфиллә (Аллада жоқ болу) мақамына жетудің сырлары бейнеленеді. А.Ясауи адам рухының кемелдікке ұмтылуы нәпсіні жеңі, мейірім мен кішіпейілділікті сақтау арқылы жүзеге асатынын поэтикалық тілмен жеткізеді. Ясауи ілімі бойынша нағыз мухлис пенде ғана нұрға бөленіп, рухани кемелдікке жете алады. Бұл хикмет жолдары адамның өз-өзімен руха-

ни күресі мен Аллаға толық берілудің тәрбиелік мәнін аша түседі. Сонымен бірге, Ясауи адамның ішкі әлемін түзетпей, қоғамның рухани қауіпсіздігі де мүмкін еместігін меңзейді.

Қожа Ахмет Ясауи ілімі – түркі-ислам өркениетінің рухани өзегін құрайтын ілімдердің бірі. Бұл ілімнің өзегінде адамның өзін тануы, нәпсісін тәрбиелеу арқылы рухани кемелдікке жету идеясы жатыр. Д.Кенжетаявтың пайымдауынша, Ясауи дүниетанымының басты нысаны – адам және оның рухани болмысы, себебі Ясауи ілімі – рухты тәрбиелеу арқылы адамды, ал адам арқылы қоғамдық кемелдікке жеткізуді мақсат еткен тұтас антропологиялық жүйе [16, 57 б.]. Бұған байланысты Ясауи 16-хикметінде былай дейді:

Жаббар ием ғашықтарға сезім берді,  
Шүкіретіп лаулап жанып, күйдім әман.  
Екі әлемді танитұғын көзім берді,  
Бұл жалғанды дұшпан танып жүрдім әман.

Жаннан безіп бір Хақты танып құштым,  
Дариядай содан соң толып тастым.  
Ләмәкәнді аралап мақам аштым,  
Боқ дүниеге жүз мың талақ қойдым әман.

Ғашықтарға ақыл қарсы тұр алмас,  
Ғашықтыққа бой алдырмай жүре алмас.  
Өзін өзі пәруана жан біле алмас,

Жұмақтардан бұл сырды түйдім әман [22, 44 б.]. Бұл хикметтерімен адамның ішкі рухани сапары мен нәпсімен күрес процесін сипаттайды. Аллаға ғашық болған адам жүрегінде ерекше сезім – иләһи махаббат пайда болады, ол махаббат адамның жанын тазартып, дүниелік құмарлықтан арылтады. Осы жолда сопы өз «менінен» бас тартып, жан мен тән шегінен асып, рухтың шынайы еркіндігіне жетеді. Ясауи бұл хәлді «жаннан безіп Өақты танып құштым» және «бақилық ләмәкән әлеміне ену» арқылы көрсетеді. Бұл хикмет жолдарының негізгі ойы – нақты ақыл мен материалдық дүниенің шектеулерінен асып, қалбпен (жүрекпен) тануға шақыру. Аллаға ғашықтық – ақылға сыймас, бірақ рухты кемелдікке жеткізетін ең жоғарғы таным деңгейі. Ясауи бұл арқылы адам баласына өз рухын тәрбиелеуге, нәпсіден тазаруға және Хақпен бірігуге үндейді. Осы тұрғыдан алғанда, Ясауи іліміндегі адам тәрбиесі ұғымы моральдық-этикалық

қағидалар мен рухани практикалардың бірлігін қамтиды. Ясауи адамның ішкі әлемін «нәпсі», «қалб», «рух», және «ақыл» ұғымдары арқылы түсіндіреді. Бұл құрылым – адамның сыртқы мінезінен гөрі ішкі болмысын жетілдіруді көздейтін жүйе. Д.Кенжетаев мұны былай деп сипаттайды: «Ясауи танымында нәпсі – адамның табиғи, бірақ тәрбиеленуге тиіс бастауы. Оны бағындыру – рухани еркіндікке, өзіндік кемелдікке жетудің шарты» [17, 113 б.]. Осылайша нәпсімен күрес, яғни мүжәһада – Ясауи іліміндегі адам тәрбиесінің өзегі болып табылады. Р.Тұрысбек өз зерттеуінде Ясауи хикметтерінің тәрбиелік өлшеміне тоқтала отырып, «адам мінезін, имандылық пен сабырды қалыптастыруда Ясауи поэзиясының тәрбиелік қуаты зор» екенін жазады [18, 140 б.]. Ясауи үшін тәрбиенің мақсаты – адамды сыртқы діни формаға емес, ішкі рухани мазмұнға бағыттау. Бұл идея «рухани қауіпсіздік» ұғымымен тікелей байланысты. Өйткені рухани қауіпсіздік – қоғамның деструктивті, жат идеологияларға қарсы тұру қабілеті, ал ол қабілет ең алдымен жеке тұлғаның рухани тұрақтылығына негізделеді.

А.Әбдірасілқызы атап өткендей, Ясауи іліміндегі адам тәрбиесі Аллаға құлшылық пен адамға қызмет ету ұғымдарының тең дәрежеде тұруымен ерекшеленеді. Ол «адам адамға құл емес, Аллаға ғана құл» деген принципті моральдық жауапкершіліктің өлшемі ретінде қарастырады [19]. Демек, Ясауи тәрбие жүйесі адамды тәуелділіктен емес, рухани еркіндікке, өзін және өзгені сыйлауға, әділеттілікке шақырады.

Досай Кенжетаевтің «Зайырлы ел – қайырлы ел» атты еңбегінде бұл идея қазіргі заман контекстінде жалғасын табады: «Бүгінгі рухани қауіпсіздік мәселесі – адамның ішкі әлемінің, ар-ожданның қауіпсіздігі. Ясауи ілімі осы рухани иммунитетті қалыптастыратын ең терең антропологиялық жүйе болып табылады» [20, 89 б.]. Сондықтан Ясауи іліміндегі адам мен нәпсі тәрбиесі қазіргі қоғамдағы рухани қауіпсіздік саясатының әдіснамалық негізіне айнала алады.

Ясауи іліміндегі нәпсімен күрес – рухани қауіпсіздіктің бірегей тетігі. Нәпсі, адамның ішіндегі жаман әдеттер, рухани әлсіздік үстемдік еткенде, қоғамда ұжымдық

құндылықтардың эрозиясы пайда болуы мүмкін. Ясауи осы мәселені «көрінбейтін қауіп» ретінде қарастырады, яғни жеке адам нәпсісінің бақылауда болмауы қоғамның рухани иммунитетін әлсіретеді. Осы мақсатта ол хикметтерінде мынадай ұғымдарды насихаттайды: тәубе, мұқияттық, зікір мен жүрек тәрбиесі. Рухани қауіпсіздік контексті тұрғысынан Ясауи ілімінің мәні аса маңызды. Бүгінді жаһандандық, ақпараттық және идеологиялық бәсекелі ортада жеке тұлғаның ішкі рухани иммунитеті әлсіз болса, радикализм, экстремизм, құндылық бедеулері секілді түрлі әлеуметтік қауіптерге ашық болады. Ясауи ілімі – нәпсі тәрбиесі мен адамгершілік кемелдік ұстанымдары арқылы «рухани иммунитет» қалыптастыруды көрсетеді. Бұған байланысты М.Уразметов өз зерттеуінде Ясауи идеологиясының қоғамдағы тұрақтылық пен ішкі үйлесімділікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратындығын айтқан [15, 122 б.].

Ясауи педагогикасының моральдық-этикалық жауапкершілік мәселесімен байланысы көрінеді. Адам тәрбиесі жеке орындаған амалдар жиынтығымен қоса, жауапкершілік сана, жүрек тазалығы, қатынас мәдениеті арқылы жүзеге асады. Ясауи ілімінде адамның өз нәпсімен күресуі – қоғам алдындағы жауапкершілікті ұғынудың бір көрінісі. Бұл тұрғыдан оның хикметтеріндегі этикалық парадигма қазіргі заман педагогикасы мен рухани білім беруде қайта жаңғыруда [21, 812 б.].

Ясауи ілімінің адам тәрбиесіне қатысты тұжырымдамасы – адамның ішкі әлемін тәрбиелеу арқылы рухани тұрақтылықты қалыптастыру идеясына негізделеді. Бұл идея қазіргі заманның әлеуметтік-мәдени және діни сын-қытерлері жағдайында ұлттық рухани қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде өзектілігін арттыра түсуде.

### **Қорытынды**

Қазіргі жаһандану дәуірінде рухани қауіпсіздік мәселесі қоғамның тұрақтылығы мен ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды кепіліне айналды. Материалдық құндылықтар басымдық алған заманда адамның ішкі әлемін, ар-ожданын, рухани иммунитетін

қалыптастыру – елдің рухани тәуелсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда Қожа Ахмет Ясауи ілімі – түркі-мұсылман өркениетінің рухани коды мен адам тәрбиесінің өнегелік мектебі ретінде ерекше маңызға ие. Ясауи дүниетанымындағы адам тәрбиесі концепциясы – иман, нәпсімен күрес, махаббат, әділет және ізгілік қағидаттарына негізделеді. Бұл ұстанымдар жеке тұлғаның рухани жетілуін ғана емес, сонымен бірге қоғамның моральдық тұрақтылығын қамтамасыз ететін тетіктердің бірі болып табылады. Ясауи іліміне сәйкес, рухани қаіпсіздік адамның өз нәпсісін тануы мен жүрек тазалығына ұмтылуынан басталады. Бұл идея бүгінгі таңда діни радикализм мен рухани дағдарыстың алдын алуда, жастардың дүниетанымдық бағдарын қалыптастыруда, жалпы қоғамның рухани тұтастығын нығайтуда өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан рухани қауіпсіздік феноменін зерттеуде Ясауи мұрасын тарихи-философиялық мұрамен қоса қазіргі заманның рухани қауіптеріне қарсы тұра алатын концептуалдық негіз ретінде қарастыру қажет. Оның адам тәрбиесіне қатысты идеялары – ұлттық сана мен діни дәстүрді үйлестіретін, ішкі еркіндік пен рухани кемелдікке жетелейтін құндылықтар жүйесі. Демек, Ясауи дүниетанымы қазіргі Қазақстан қоғамында рухани қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, рухани жаңғырудың және адам капиталының сапасын арттырудың әдіснамалық тірегі бола алады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Ургалкин Ю. А., Бондарев С. И., Чеджемов Г. А. Городской муниципалитет как основной субъект социальной политики // Проблемы развития предприятий: теория и практика: материалы 13-й Международной научно-практической конференции, 27–28 ноября 2014 г. – Самара, 2014. – С. 310–311.

2 Бондарев С. И., Чеджемов Г. А. Социальные проблемы города // Известия института систем управления Самарского государственного экономического университета. – 2011. – № 2(3). – С. 11–16.

3 Беспаленко П. Н. Духовная безопасность современной России и поиски общенациональной идеологии // Научные ведомости Белгородского государственного университета. – 2009. – № 7. – С. 215–224.

4 Беспаленко П. Н. Духовная безопасность в системе национальной безопасности современной России: проблемы институционализации и модели решения: автореф. дис. ... д-ра полит. наук. – Ростов-на-Дону, 2009. – 55 с.

5 Рыбаков С. Ю. Проблемы обеспечения духовной безопасности в системе образования России. – Рязань, 2011. – 304 с.

6 Беспаленко П. Н. Угрозы и вызовы духовной безопасности России. – Белгород, 2007. – С. 223

7 Тонконогов А. В. Духовная безопасность российского общества в условиях современного геополитического соперничества (социально-философский анализ): автореф. дис. ... д-ра филос. наук. – М., 2011. – 13 с.

8 Сүлейменова Г. Рухани қауіпсіздік және ұлттық идея: философиялық талдау. – Астана: Фолиант, 2020.

9 Асылбеков Т. Ұлттық құндылықтар және рухани қауіпсіздік мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2018.

10 Қазіргі дәстүрден тыс діни ағымдар мен культуртер: оқу куралы / Авторлық ұжым: Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д., Абжалов С.У., және т.б. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2023. – 326 б.

11 Тоқаев Қ.-Ж. «Әділетті Қазақстан – барлық азамат үшін ортақ игілік» атты Қазақстан халқына Жолдау. – Астана: Президент баспасөз қызметі, 2023.

12 Құдайбергін Б. Адамның рухани болмысы және құндылықтар жүйесі. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2021.

13 Sala R. Ahmad Yasawi: Life, words and significance in the Kazakh culture // Bulletin of the Kazakh National University. Series of History. – 2018. – № 2. – P. 115–138.

14 Khamzaev Sh. The role of Yasawi's ideology in ensuring stability in society // World Bulletin of Social Sciences (WBSS). – 2023. – № 29. – P. 13–15.

15 Tursunboyevich M. The manifestation of the spiritual, moral ideas in the teachings of Khoja Ahmad Yassawi and Sulayman Baqirghani // The Journal of Contemporary Issues in Business and Government. – 2021. – Vol. 27, № 3. – P. 119–122.

16 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: Арыс, 2008. – 360 б.

17 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымының түркі ислам философиясы тарихындағы орны. – Түркістан, 2012. – 288 б.

18 Turysbek P. C. Fundamentals of humanism and morality (on the Hikmetas of Khoja Ahmed Yassawi) // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. – 2023. – Vol. 142, № 1. – P. 134–145.

19 Әбдірасілқызы А. Олар «ұлт» деген ұғым мен құндылықты есепке алмайды, өз көзқарастарына ортақ болғандарды ғана «мұсылман бауырлар» деп санайды // [Электронды ресурсы] URL: <https://abai.kz/post/10054> (Қаралған күні: 10.11.2025).

20 Кенжетай Д. Зайырлы ел – қайырлы ел. – Алматы: Көкжиек, 2017. – 391 б.

21 Shakarova N. Pedagogical ideas of Ahmad Yassawi // Scientific Journal "Scientific Progress". – 2022. – Vol. 4, № 3. – P. 812–815.

22 Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет: кітап / шағатай тілінен ауд.: К. Асетова, Т. Қыдыр. – Алматы: Издательство «Золотая книга» ЖШС, 2021. – 352 б.

### **Transliteration**

1 Urgalkin Ju. A., Bondarev S. I., Chedzhemov G. A. Gorodskoj municipalitet kak osnovnoj subekt social'noj politiki [The city municipality as the main subject of social policy] // Problemy razvitiya predpriyatij: teorija i praktika: materialy 13-j Mezhdunarodnoj nauchno-

prakticheskoy konferencii, 27–28 nojabrja 2014 g. – Samara, 2014. – S. 310–311. (in Russ)

2 Bondarev S. I., Chedzhemov G. A. Social'nye problemy goroda [Social problems of the city] // Izvestija instituta sistem upravlenija Samarskogo gosudarstvennogo jekonomicheskogo universiteta. – 2011. – № 2(3). – S. 11–16. (in Russ)

3 Bepalenko P. N. Duhovnaja bezopasnost' sovremennoj Rossii i poiski obshhenacional'noj ideologii [Spiritual security of modern Russia and the search for a national ideology] // Nauchnye vedomosti Belgorodskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2009. – № 7. – S. 215–224. (in Russ)

4 Bepalenko P. N. Duhovnaja bezopasnost' v sisteme nacional'noj bezopasnosti sovremennoj Rossii: problemy institucionalizacii i modeli reshenija [Spiritual security in the national security system of modern Russia: problems of institutionalization and solution models]: avtoref. dis. ... d-ra polit. nauk. – Rostov-na-Donu, 2009. – 55 s. (in Russ)

5 Rybakov S. Ju. Problemy obespechenija duhovnoj bezopasnosti v sisteme obrazovanija Rossii [Problems of Ensuring Spiritual Security in the Russian Education System]. – Rjazan', 2011. – 304 s. (in Russ)

6 Bepalenko P. N. Ugrozy i vyzovy duhovnoj bezopasnosti Rossii [Threats and challenges to Russia's spiritual security]. – Belgorod, 2007. – S. 223 (in Russ)

7 Tonkonogov A. V. Duhovnaja bezopasnost' rossijskogo obshhestva v uslovijah sovremenno go geopoliticheskogo sopernichestva (social'no-filosofskij analiz) [Spiritual security of Russian society in the context of modern geopolitical rivalry (socio-philosophical analysis)]: avtoref. dis. ... d-ra filos. nauk. – M., 2011. – 13 s. (in Russ)

8 Suleimenova G. Ruhani kauipsizdik zhane ulttyk ideja: filosofijalyk taldau [Spiritual security and the national idea: a philosophical analysis]. – Astana: Foliant, 2020. (in Kazakh)

9 Asylbekov T. Ulttyk kundulyktar zhane ruhani kauipsizdik maseleleri [National values and issues of spiritual security]. – Almaty: Kazak universiteti baspasy, 2018. (in Kazakh)

10 Kazirgi dasturden tys dini agymdar men kul'tter. [Modern non-traditional religious movements and cults]: oku kuraly / Avtorlyk uzhy: Bajtenova N.Zh., Kurmanaliev A.D., Abzhalov S.U., zhane t.b. – Almaty: Kazak un-ti, 2023. – 326 b. (in Kazakh)

11 Tokaev K.-Zh. «Adiletti Kazakstan – barlyk azamat ushin ortak igilik» atty Kazakstan halkyna Zholdau. [Address to the people of Kazakhstan «A

fair Kazakhstan is a common good for all citizens»] – Astana: Prezident baspasoz kyzmeti, 2023. (in Kazakh)

12 Kudajbergen B. Adamnyn ruhani bolmysy zhane kundulyktar zhujisi [The spiritual nature of man is a daily routine]. – Nur-Sultan: L.N. Gumilev atyndagy EUU baspasy, 2021. (in Kazakh)

13 Sala R. Ahmed Yasawi: Life, words and significance in the Kazakh culture // Bulletin of the Kazakh National University. Series of History. – 2018. – № 2. – P. 115–138.

14 Khamzaev Sh. The role of Yasawi's ideology in ensuring stability in society // World Bulletin of Social Sciences (WBSS). – 2023. – № 29. – P. 13–15.

15 Tursunboyevich M. The manifestation of the spiritual, moral ideas in the teachings of Khoja Ahmed Yassawi and Sulayman Baqirghani // The Journal of Contemporary Issues in Business and Government. – 2021. – Vol. 27, № 3. – P. 119–122.

16 Kenzhetaj D. Kozha Ahmet Jasaui dunietyanymy [Khoja Akhmet Yassawi's worldview]. – Almaty: Arys, 2008. – 360 b. (in Kazakh)

17 Kenzhetaj D. Kozha Ahmet Jasaui dunietyanyminyn turki islam fiolosofijasy tarihyndagy orny [The place of Khoja Akhmed Yassawi's worldview in the history of Turkic Islamic philosophy]. – Turkistan, 2012. – 288 b. (in Kazakh)

18 Turysbek R. S. Fundamentals of humanism and morality (on the Hikmetas of Khoja Ahmed Yassawi) // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. – 2023. – Vol. 142, № 1. – P. 134–145.

19 Abdirasilkyzy A. Olar «ult» degen ugym men kundulykty esepke almajdy, oz kozkarastaryna ortak bolgandardy gana «musylman bauyrlar» dep sanajdy [They do not take into account the concept and value of "nation", and consider only those who share their views as "Muslim brothers"] // [Elektrondy resurs] URL: <https://abai.kz/post/10054> (Karalghan kyni: 10.11.2025). (in Kazakh)

20 Kenzhetaj D. Zajyrlı el – kajyrlı el [secular country – good country]. – Almaty: Kokzhiek, 2017. – 391 b. (in Kazakh)

21 Shakarova N. Pedagogical ideas of Ahmad Yassavi // Scientific Journal "Scientific Progress". – 2022. – Vol. 4, № 3. – P. 812–815.

22 Kozha Ahmet Jasaui. Diuani hikmet [Diwani Hikmet]: kitap / shagatay tilinen aud.: K. Asetova, T. Kydyr. – Almaty: Izdatel'stvo «Zolotaja kniga» ZhShS, 2021. – 352 b. (in Kazakh)

#### АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Бауыржан Куанышбаевич Ботакараев*

аға ғылыми қызметкер, PhD, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» Ясауитану ғылыми орталығы, Түркістан, Қазақстан, email: [bake.kaz.tr@gmail.com](mailto:bake.kaz.tr@gmail.com), ORCID ID: [0000-0002-8164-8049](https://orcid.org/0000-0002-8164-8049)

*Сайпулла Моллақанағатұлы*

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы» Ясауитану ғылыми орталығының басшысы, Түркістан, Қазақстан, email: [mol-lakanagatuly@gmail.com](mailto:mol-lakanagatuly@gmail.com), ORCID ID: [0000-0002-8411-5977](https://orcid.org/0000-0002-8411-5977)

*Саян Турысбекович Шылмамбетов*

аға оқытушы, PhD, А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Теология факультеті, Түркістан, Қазақстан, email: [sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz](mailto:sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz), ORCID ID: [0000-0002-5734-3149](https://orcid.org/0000-0002-5734-3149)

Ботакараев Б.К., Моллақанағатұлы С., Шылмамбетов С.Т., Қыпшақбаев Н.А.

- Нұрперзент Аханұлы Қыпшақбаев* ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, Теология кафедрасының оқытушысы, А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, email: [nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz](mailto:nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz), ORCID ID: [0009-0008-0723-1481](https://orcid.org/0009-0008-0723-1481)
- Бауыржан Куанышбаевич Ботакараев* старший научный сотрудник, PhD, Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан» Научный центр Яссавиедения, Туркестан, Казахстан, email: [bake.kaz.tr@gmail.com](mailto:bake.kaz.tr@gmail.com), ORCID ID: [0000-0002-8164-8049](https://orcid.org/0000-0002-8164-8049)
- Сайпулла Моллақанағатұлы* руководитель Научного центра Яссавиедения Национального историко-культурного музей-заповедника «Азрет Султан» Туркестан, Казахстан, email: [mollakanagatuly@gmail.com](mailto:mollakanagatuly@gmail.com), ORCID ID: [0000-0002-8411-5977](https://orcid.org/0000-0002-8411-5977)
- Саян Турысбекович Шылмамбетов* старший преподаватель, PhD, Факультет Теологии Международного казахско-турецкого университета им. А.Ясауи, Туркестан, Казахстан, email: [sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz](mailto:sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz), ORCID ID: [0000-0002-5734-3149](https://orcid.org/0000-0002-5734-3149)
- Нурперзент Аханович Кыпшақбаев* заместитель декана по научной и воспитательной работе, преподаватель, кафедра Теологии, Международный казахско-турецкий университета им. А.Ясауи, Туркестан, Казахстан, email: [nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz](mailto:nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz), ORCID ID: [0009-0008-0723-1481](https://orcid.org/0009-0008-0723-1481)
- Bauyrzhan Botakarayev* Senior Researcher, PhD, National Historical and Cultural Museum-Reserve "Azret Sultan" Yassavi Research Center, Turkestan, Kazakhstan, email: [bake.kaz.tr@gmail.com](mailto:bake.kaz.tr@gmail.com), ORCID ID: [0000-0002-8164-8049](https://orcid.org/0000-0002-8164-8049)
- Saipulla Mollakanagatuly* Head of the Yassawi Research Center of the National Historical and Cultural Museum-Reserve "Azret Sultan" Turkestan, Kazakhstan, email: [mollakanagatuly@gmail.com](mailto:mollakanagatuly@gmail.com), ORCID ID: [0000-0002-8411-5977](https://orcid.org/0000-0002-8411-5977)
- Sayan Shylmambetov* Senior Lecturer, PhD, Faculty of Theology, A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, email: [sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz](mailto:sayan.shylmambetov@ayu.edu.kz), ORCID ID: [0000-0002-5734-3149](https://orcid.org/0000-0002-5734-3149)
- Nurperzent Kypshakbayev* Deputy Dean for Research and Educational Affairs, Lecturer, Department of Theology, A.Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, email: [nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz](mailto:nurperzent.kypshakbayev@ayu.edu.kz), ORCID ID: [0009-0008-0723-1481](https://orcid.org/0009-0008-0723-1481)

